

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81-11-2024
«Анатомия» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар		40 беттің 1 беті

**Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі  
«Оңтүстік Қазақстан Медицина Академиясы» АҚ жанындағы  
медицина колледжі**

**Симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар**

**Пәннің атауы: «Анатомия, физиология және патология» (Анатомия)**

**Мамандығы** 09130100 «Мейіргер ісі»

**Біліктілігі** 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры»

**Оқу түрі:** күндізгі

**Оқудың нормативтік мерзімі:** 3 жыл 6 ай

**Циклдар мен пәндер индексі:** ЖКП 01

**Курс:** 1

**Семестр:** I, II

**Пән/модуль:** «Анатомия, физиология және патология» (Анатомия)


**Қорытынды бақылау түрі:** емтихан


**Барлық сағаттардың/кредиттердің жалпы жүктемесі** KZ –144/6 кредит


**Аудиториялық** – 44 сағат

**Симуляция** – 100 сағат

**Шымкент, 2024 жыл**

<p>ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы	№81-11-2024
«Анатомия» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар	40 беттің 2 беті

«Морфологиялық пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды және ұсынылды  
хаттама № 1 «27» 08 2024 ж.  
Кафедра меңгерушісі  Ералхан А.Қ.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81-11-2024
«Анатомия» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар		40 беттің 3 беті

### **Симуляциялық сабақ №1**

**1. Тақырыбы: Анатомия пәні және міндеттері. Тірек-қимыл аппаратының жалпы анатомиясы.**

**2. Мақсаты:** Тірек-қимыл жүйесінің құрылыстық ерекшеліктерін оқыту. Тұлға, иық белдеуі, қолдың еркін бөлігі, жамбас белдеуі мен аяқтың еркін бөлігі сүйектерінің құрылысын оқып білу. Милық және бет сүйектерінің құрылысын оқып білу. Сүйек қосылыстарының құрылысын оқып білу. Қосылыстардың түрлері. Бас, мойын және тұлға бұлшықеттерінің құрылысы, топографиясы және қызметін оқып білу.

**3. Оқыту міндеттері:** Сүйек, буындар, бұлшықеттерді муляждардан, планшеттерден, кестелерден, көрсету, айту, табуды студенттерге үйрету. Препараттардан омыртқалардың жеке түрлерін, төс және қабырғалардың құрылыс ерекшеліктерін атап, тауып көрсетуді студенттерге үйрету.

Иық белдеуі, қолдың еркін бөлігі, жамбас белдеуі және аяқтың еркін бөлігі сүйектерінің жеке бөліктерін латынша атап көрсетуді студенттерге үйрету.

Сүйектерінің оң және сол жағын ажырата білу. Эпифиз, метафиз, апофиз, диафизді көрсету.

Бассүйектен және жеке препараттардан милық және бет сүйектерін тауып, латынша атап, көрсетуді үйрету. Жұп сүйектердің оң және сол жақтық бөлігін бір-бірінен ажырату. Студенттерді муляждардан буындарды тауып көрсетуді үйрету. Студенттерді бас, мойын және тұлға бұлшықеттері мен фасцияларын латынша атап, планшеттерден тауып көрсете білуді үйрету.

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Омыртқа жотасының құрылысы, оның бөлімдері, қызметтік маңызы.
2. Омыртқалардың жалпы қасиеті.
3. Типтік омыртқаның құрылысы.
4. Мойын, кеуде омыртқа құрылысының ерекшеліктері.
5. Мойын омыртқаларының I, II, VI, VII ерекшеліктері.
6. I, X, XI, XII- кеуде омыртқаларының ерекшеліктері.
7. Бел омыртқаларының құрылыстық ерекшеліктері.
8. Сегізкөз омыртқаларының анатомиясы.
9. Төс, бөліктерінің құрылысы.
10. Қабырға құрылысы, түрлері.
11. Адам қаңқасына жалпы шолу.
12. Кеуде торы, кеуде торы пішіндерінің конституционалды ерекшеліктері.
13. Кеуде торының құрылысының анатомиясы.
14. Иық белдеуі және қолдың еркін бөлігінің сүйектерін атаңыз
15. Қолдың еркін бөлігі сүйектерінің қаңқасы қандай бөліктерден тұрады?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81-11-2024
«Анатомия» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар		40 беттің 4 беті

16. Бұғананың құрылысы ерекшелігі, оның оң немесе сол жаққа тиесілігін анықтау.
17. Жауырынның құрылысы, оң және сол жақ айырмашылығын анықтау.
18. Жамбас сүйегінің құрамына кіретін сүйектерді атаңыз. 19. Мықын, шат, шонданай сүйектерінің бөліктерін атаңыз
20. Ортан жіліктің, сирақ сүйектерінің құрылысы.
21. Аяқ ұшы сүйектерінің құрылысы.
22. Бассүйектің бөліктерін атаңыз.
23. Бассүйектің қызметін анықтаңыздар.
24. Милық сүйектерінің латынша аттарын атаңыз.
25. Бассүйектің негізі мен күмбезінің аралық шекарасын анықтаңыз.
26. Бассүйек негізі, оның беттері.
27. Мимикалық бұлшықеттердің жіктелуі, құрылысы, ерекшелігі.
28. Шайнау бұлшықеттерінің құрылысы, қызметі.
29. Мойын бұлшықеттерінің жіктелуі.
30. Мойын шандырлары.
31. Иық белдеуі, қолдың еркін бөлігі, арқа, кеуде, іш, жамбас белдеуі және аяқтың еркін бөлігі бұлшықеттерінің жіктелуі, құрылысы, қызметі.

#### **5. Білім берудің және оқытудың әдістері:**

Кіші топтарда анатомиялық препараттармен, қаңқамен, бассүйекпен, муляждармен, планшеттермен, плакаттармен жұмыс.

#### **6. Әдебиет:**


##### **Қазақ тілінде:**

##### **Негізгі әдебиеттер:**

1. Кузенбаева, Ә. О. Адам анатомиясы. 1 - кітап: оқу құралы /. - Алматы : Эверо, 2016. - 292 бет.с.
2. Кузенбаева, Ә. О. Адам анатомиясы. 2- кітап : оқуқұралы . - Алматы : Эверо, 2016. - 248 бет.с.
3. Рақышев, А. Р. Адам денесі. 3 томдық. Т. 1. Сүйектертуралылім. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014
4. Рақышев, А. Р. Адам денесі. 3 томдық. Т. 2. Ас қорытужүйесі. Тынысалу жүйесі. Несепжынысжүйесі. Эндокриндікбездер. Тамырлартуралылім. Лимфа жүйесі- М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014.
5. Адам анатомиясы : оқулық - Алматы : ЖК "Ақнұр", 2013.
6. Рақышев А.Р. Адам анатомиясы I, II том, 2004.
7. Рақышев А.Р. Адам анатомиясың атласы. I, II том, – Алматы: «Кітап», 2006.
8. Әубәкіров Ә.Б., Шайдаров М.З., Сулейменова Ф.М., Досаев Т.М. ж.т.б. Адам анатомиясы, атлас. I,II,III,IV том.–Астана: «Фолиант»,2008, 2010, 2011, 2012.

##### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Рақышев, А. Р. Адам денесі. 3 томдық. Т. 3. Жүйкежүйесі. Сезімшешелері: оқулық / А. Р. 2.Рақышев. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 376 бет

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81-11-2024
«Анатомия» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар		40 беттің 5 беті

3. Рақышев, А. Р. Адам анатомиясы. 1-кітап оқулық / А. Р. Рақышев. - 2-бас., түзет. жәнетолықт. ; ҚРЖоғарыоқуорындарыныңқауымдастығы. - Алматы: Дәуір, 2009. - 420 бет

4. Адам анатомиясы. Т. 2. Ішкі мүшелер жүйесі және эндокринді бездер атлас / Ә. Б. Әубәкіров [ж. б.] ; жалпы ред. басқ. А. А. Идрисов. - Астана : Фолиант, 2008. - 251 бет

### **Бағдарламалық қамтамасыз ету және интернет-ресурс**

1. Адам анатомиясы. 3 томдық. 1-ші т. Тірек-қимыл аппараты [Электронный ресурс] : оқулық / И. В. Гайворонский [т/б.] ; қазақ тіл. ауд. А. Б. Аубакиров. -

Электрон.текстовые дан. (795Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 416 б. с.

2. Адам анатомиясы. 3 т. 2-ші т. Спланхнология және жүрек-тамыр жүйесі

[Электронный ресурс] : оқулық / И. В. Гайворонский [т/б.] ; қазақ тіл. ауд. А. Б.

Аубакиров. - Электрон.текстовые дан. (836Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 488 б. с.

3. Адам денесі: оқулық: в 3-х т./А.Р. Рақышев.-Т.1.- М. ГЭОТАР – Медиа, 2015

4. Адам денесі: оқулық: в 3-х т./А.Р. Рақышев.-Т.2.- М. ГЭОТАР – Медиа, 2015

5. Адам денесі: оқулық: в 3-х т./А.Р. Рақышев.-Т.3.- М. ГЭОТАР – Медиа, 2015

6. Атлас человеческой морфологии на русском языке [Электронный ресурс]: учебник по Человеческой анатомии.-М, 2004

7. [www.ukma.kz](http://www.ukma.kz) білім беру порталы

8. <http://www.studmedlib.ru> логин -ibragim123, пароль-Libukma123

### **7. Бақылау (сұрақтар, тестілер, есептер):**

#### **Тесттер:**

1. Мандайға параллел бағытта өтетін жазықтық:

а) Горизонталді

б) Фронталді+

в) Сагитталді

г) Вертикалді

д) Қиғаш

2. Екінші мойын омыртқаның басқа омыртқалардан айырмашылығы

а) Тістәрізді өсіндісінің болуы+

б) Қылқанды өсіндісінің болуы

в) Денесінің болуы

г) Қабырғалық шұңқыршаларының болуы

д) буындық беттерінің болуы

3. Кеуде омыртқалардың басқа омыртқалардан айырмашылығы:

а) Тістәрізді өсіндісінің болуы

б) Қылқанды өсіндісінің болуы

в) Денесінің болуы

г) Қабырғалық шұңқыршаларының болуы+

д) Денесінің болмауы

4. Төстің құрамдық

бөліктері:

а) Тұтқасы+

б) Қабыршағы

в) Бетсүйектік өсіндісі

г) Мойыны

д) Ұшы

5. Семсертәрізді өсінді орналасқан:

а) Тоқпан жілікте

б) Жауырында

в) Төсте+

г) Шынтақ жілікте

д) Бұғанада

6. Рудиментті омыртқалар:

а) Мойын омыртқалары

б) Кеуде омыртқалары

в) Бел омыртқалары

г) Сегізкөз

д) Құйымшақ омыртқалары+

7. Кеуде торын құрауға қатысады:

а) Төс+

б) Жамбас сүйектері

в) Тізе тобығы

г) Бел омыртқалары

д) Мойын омыртқалары

8. Дененің орталығы арқылы өтіп, оны екі симметриялық жартыға бөлетін жазықтық:

а) фронталдық

б) горизонталдық

в) медиалдық

г) орталық (медиандық) +

9. Мойын омыртқаларының саны:

а) 4

б) 5

в) 7+

г) 8

д) 12

10. Кеуде омыртқаларының саны:

а) 4

б) 5

в) 7

г) 8

д) 12+

11. Бел омыртқаларының саны:

а) 4

б) 5+

в) 7

г) 8

д) 12

12. Сегізкөз омыртқаларының саны:

а) 4

б) 5+

в) 7

г) 8

д) 12

13. Көлденең өсінділерінде тесігі бар омыртқалар:

а) мойын омыртқалары+

б) кеуде омыртқалары

в) бел омыртқалары

г) сегізкөз омыртқалары

д) құйымшақ омыртқалары

14. Қабырғалық шұңқырлары бар омыртқалар:

а) мойын омыртқалары

б) кеуде омыртқалары+

в) бел омыртқалары

г) сегізкөз омыртқалары

д) құйымшақ омыртқалары

15. Ұйқылық төмпешік VI мойындық омыртқада орналасады:

а) көлденең өсіндіде+

б) қылқандық өсіндіде

в) буындық жоғарғы өсіндіде

г) омыртқаның денесінде

д) буындық төменгі өсіндіде

16. Анатомиялық мойын мен хирургиялық орналасқан:

а) Тоқпан жілікте+

б) Жауырында

в) Жамбас сүйегінде

г) Төсте

д) Шынтақ жілікте

17. Иық белдеуінің сүйектері:

Жауырын+

Шүйде сүйек

Шеке сүйек

г) Жамбас сүйек

д) Жоғарғы жақсүйек

18. Буындық ойыс, cavitas glenoidalis, орналасқан

а) Тоқпан жілікте

б) Бұғанада

в) Жауырында+

г) Жамбас сүйегінде

д) Сынатәрізді сүйекте

19. Жауырынның өсінділері:

а) Бізтәрізді өсінді

б) Көлденең өсінді

в) иықтық өсінді (Акромион) +

г) Тәждік өсінді

д) Шынтақтық өсінді

20. Білек сүйегі:

а) Тоқпан жілік

б) Шынтақ жілік+

в) Жамбас сүйек

г) Жарты ай тәрізді сүйек

д) Бұғана

21. Жіліктің (түтікті сүйектердің) ортаңғы бөлігінің аталуы:

а) диафиз+

б) эпифиз

в) метафиз

г) апофиз

д) диплоэ

22. Жіліктің (түтіктің сүйектердің) денесі мен шеттері аралығындағы бөлігі:

а) диафиз

б) эпифиз

в) метафиз+

г) апофиз

д) диплоэ

23. Жіліктің (түтіктің сүйектердің) шеттерінің аталуы:

а) диафиз

б) эпифиз+

в) метафиз



г) апофиз

д) диплоэ 24. Жауырын құрылысы бойынша:

а) түтікті

б) қалыпсыз

в) жалпақ+

г) аралас

д) ауалық

25. Тоқпан жілік құрылысы бойынша:

жілік (түтікті сүйек) + кемікті

сүйек аралас сүйек ауалы

сүйек

жалпақ сүйек

26. Иық белдеуінің сүйегі:

а) төс

б) жауырын+

в) тоқпан жілік

г) шынтақ жілік

д) кәрі жілік

27. Жауырынның буындық ойысы орналасқан:

а) жоғары бұрышында

б) төменгі бұрышында

в) латералдық бұрышында+

г) акромионда

д) құстұмсықтәрізді өсіндіде

28. Жауырын қылқанының орналасқан жері:

а) жоғары бұрышында

б) төменгі бұрышында

в) латералді бұрышында

г) қабырғалық бетінде

д) артқы бетінде+

29. Иықтық (акромион) және құстұмсықтәрізді өсінділері бар сүйек:

а) төс

б) жауырын+

в) тоқпан жілік


г) шынтақ жілік

д) кәрі жілік

30. Екі мойны бар сүйек:

а) тоқпан жілік+

б) орган жілік

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81-11-2024
«Анатомия» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар		40 беттің 10 беті

в) шынтақ жілік

г) асықты жілік

д) кәрі жілік

**Жағдайлық есептер:**

**№1.** Көшеде алған жарақаттан кейін зардап шеккен адамда жүрек жұмысы тоқталды. Алғашқы көмекті қалай көрсетеміз және қаңқаның қай бөліктеріне зақым келді?

**Жауап:** Төс сүйегі аймағында ритімді қозғалыс арқылы жүрекке жасанды массаж жасау керек. **№2.** Көшеде алған жарақаттан ұйқы артериясының тармақтарынан мойын аймағынан қан ақты, қан ағуын уақытша тоқтатуға бола ма?

**Жауап:** Мойын аймағындағы ұйқы артерияларының қан ағуын тоқтату үшін оны VI мойын омыртқасының көлденең өсіндісіндегі төмпешікке басады.

**№3.** Омыртқалардың қысқа қырқа өсіндісінде және көлденең өсіндісінде кішкене тесіктер бар. Омыртқаны анықта

**Жауап:** Типтік мойын омыртқасы

**№4.** Кенеттен құлағаннан адамның білек сүйектерінің біреуі сынды. Сонда білектің алдыңғы – латеральды қырында патологиялық қозғалыс байқалады. Зардап шеккен адамның қай сүйегі сынды?

**Жауап:** Зардап шеккен адамның кәрі жілік сүйегі сынды.

**№5.** Шешесі 7 жасар қызын хирургқа әкелді. Әкелген себебі: қызының білегі шынтақ буынынан 180<sup>0</sup>-тан көпке жазылады. Бірақ хирург патология таппады, шешесін жұбатты. Неге хирург 180<sup>0</sup> жазылатынын патология деп таппады?

**Жауап:** Балаларда және кейбір әйелдерде аса көп білектің жазылатыны, жалғамалар аппаратының осалдығынан, шынтақ өсіндісінің мөлшерінің кішкентайлығынан болады.

**№6.** 7 жастағы баланың табан сүйектерінің рентгенограмасында дәрігер өкше сүйегі аймағында көптеген сынықтарды көрді. Себеп неде?

**Жауап:** 7-9 жас аралығындағы балада өкше төмпешігі сүйектерінің сүйектенуі бірнеше нүктеде дамиды, олар 12-15 жасқа келген кезде ғана денесімен бітеседі.

**№7.** Баланың жасын білу үшін дәрігерге сан сүйегінің рентгенограммасын әкеліп көрсеткен, ал онда сан сүйегінің басында тек бір ғана сүйектену нүктесі көрінеді. Бала неше жаста?


**Жауап:** Бала 1 жаста.

**№8.** Автомобиль авариясынан адам басының бүйір беті жарақаттанды. Самай сүйегінің қабыршығы пирамидадан бөлінді. Бұндай жағдайда самай сүйегінің қай каналы бұзылды?

**Жауап:** Бұлшықет-түтікті өзек зақымдалады.

**№9.** Операция кезінде хирург самай сүйектің астыңғы бетіндегі пирамидасында мойындырық тесікке бағытталған. Оператордың дұрыс емес әрекетінде қандай канал бұзылуы мүмкін? **Жауап:** Оператордың дұрыс емес әрекетінде ұйқы артериясының өзегі бұзылуы мүмкін, арты қан кетуге соқтыруы ықтимал

**№10.** Бір жасар балада рентгенологиялық суретте бассүйектің маңдай бөліміндегі ортаңғы сызығында саңылау байқалады. Оның себебі неде?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81-11-2024
«Анатомия» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар		40 беттің 11 беті

**Жауап:** Мандай сүйек екі бөліктен дамиды, 2 жасқа таман ме

**№11.** Жол апатынан кейін зардап шеккен адамда мұрын жарақаттанды. Бұл жерде мұрын пердесінің сынуы байқалды. Бұл жағдайда қай сүйек зақымданған?

**Жауап:** Торлы сүйек пен өре сүйек.

**№12.** Қабыну процесі кезінде көз алмасының төменгі қабырғасында іріңді процесс пайда болды. Емдеуші дәрігер қабыну процесінің көз алмасынан қанат таңдай шұңқырына дейін жайылып кетуін күдіктенеді. Қандай тесік арқылы қабыну процесі қанат таңдай шұңқырына өтіп кетуі мүмкін?

**Жауап:** Қабыну процесінің қанат таңдай шұңқырына төменгі көздік саңылау арқылы өтуі мүмкін. **№13.** Мойындырық тесік бас қаңқасының төменгі бөлігінде орналасқан. Ол арқылы нервтер мен ірі вена тамырлары өтеді. Егер де осындай ірі вена тамырлары жарылатын болса бас қаңқасының қай қуысына қан құйылу болады?

**Жауап:** Вена тамырларының қан ұйылу артқы ми шұңқырына таралады.

**№14.** Конъюнктивит нәтижесінде көз ұясынан ірің шыға бастады мұрын қуысына қабыну процесі көз ұясында мұрын қуысынан қай өзек бойына қатысады?

**Жауап:** Қабынудың қанат-таңдай шұңқырына өтуі төменгі көз шарасы саңылауынан.

**№15.** Науқаста шонданай нервсінің қабынуынан кейін санның артқы топ бұлшықетінің параличі асқыну берді. Берілген асқыну төменгі аяқ белдемесінде қандай қозғалыс бұзылғаны байқалған? **Жауап:** Науқасқа бұгу және санды сыртқа қарай аудару қиындау түседі.

## **Симуляциялық сабақ №2**


**1.Тақырыбы:** Асқорыту жүйесі ағзаларының анатомиясы.

**2.Мақсаты:** Асқорыту жүйесі ағзаларының құрылысы, топографиясы және қызметінің ерекшеліктерін оқыту.

**3.Оқыту мақсаты:** Асқорыту жүйесі ағзаларын муляждардан, планшеттерден, кестелерден көрсету, айту, табуды үйрету. Студенттерді муляждардан, планшеттерден, Кестелерден ауыз қуысы ағзаларын, өңешті көрсету, айту, табуды үйрету.

**4.Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Ауыз қуысының қабырғаларын қандай ағзалар түзеді?
2. Тістің құрылысын айтыңыз. Тістің әртүрлі формалары немен ерекшеленеді?
3. Сүт және тұрақты тістердің шығу мерзімдерін атаңыз?
4. Сүт және тұрақты тістердің толық формуласын жазыңыз.
5. Тілдердің бетінде қандай бүртіктер бар? Дәм бүртіктері қайсысында бар?
6. Тіл бұлшықеттерінің қандай анатомиялық топтары, тілдің бұлшықеттерінің қызметін атаңыз.
7. Кіші сілекей бездерінің топтарын атаңыз.
8. Үлкен сілекей бездерінің өзектері ауыз қуысының қай қабырғасында ашылады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81-11-2024
«Анатомия» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар		40 беттің 12 беті

9. Жұмсақ таңдай бұлшықеттерінің басталуы және бекуін атаңыз.
10. Жұтқыншақты лимфалық сақиналарының бадамшалары қай жерде орналасқан.
11. Жұтқыншақтың бұлшықеттерін және оның басталу жерін атаңыз?
12. Өңештің қандай жерлерінде тарылтқыш бар, ол немен байланысты?
13. Омыртқалардың қандай деңгейінде асқазанның кірер және шығар тесігі орналасқан?
14. Асқазанның (ішастардың) жалғамаларын атаңыз.

#### **5. Білім берудің және оқытудың әдістері:**

Кіші топтарда анатомиялық препараттармен, торспен, муляждармен, кестелермен, планшеттермен, плакаттармен жұмыс.

#### **6. Әдебиет:**

№1 тақырыпта көрсетілген

#### **7. Бақылау (сұрақтар, тестілер, есептер):**

##### **Жағдайлық есептер:**

**№1.** Стоматолог-дәрігер ауыз қуысын қарайды. Жұмысқа кіресер алдында тіл астына тампон салады. Неге бұл манипуляцияны жасайды?

**Жауап:** Сілекейді азайту мақсатында.

**№2.** Дәрігер-стоматолог тіске пломб салады. Ауыз қуысында сілекейдің жиналуын азайту үшін шықшыт безінің өзегінің тесігін жабу үшін тампонды қайда салуы керек?

**Жауап:** Дәрігер тампонды немесе дренаждық трубканы ауыз кіреберісіне салады.

**№3.** Балада үстіңгі және астыңғы күрек тістер түгелімен шықты. Баланың жасын анықта.

**Жауап:** 10-12 айлық бала

**№4.** Балада мұрынмен дем алу қиындады. Дәрігер қай бадамшаның үлкейгені туралы ойлау керек?

**Жауап:** Жұтқыншақтық бадамша үлкейген

**№5.** Балада үстіңгі және астыңғы күрек тістер түгелімен шықты. Баланың жасын анықта.

**Жауап:** 10-12 айлық бала

#### **Симуляциялық сабақ №3**


**1. Тақырыбы:** Тыныс алу жүйелерінің морфофункционалдық сипаттамасы

**2. Мақсаты:** Тыныс алу жүйесі ағзаларының қызметтік және құрылыс ерекшеліктерін оқып білу.

**3. Оқыту мақсаты:** Студенттерді торстан, муляждардан, плакаттардан тынысалу жүйесі ағзаларын: мұрын қуысы, көмей, кеңірдек, бронхылар, өкпе, өкпеқапты тауып, атап көрсетуді үйрету.

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Мұрын қуысы.
2. Көмей. Көмей шеміршектері. Көмей бұлшықеттері.
3. Көмей қуысы. Дыбыс түзілу.
4. Кеңірдек. Кеңірдек бифуркациясы.
5. Бронхылар. Бронхылардың тармақталуы.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81-11-2024
«Анатомия» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар		40 беттің 13 беті

6. Өкпенің құрылысы. Өкпенің сегментарлық құрылысы.

7. Өкпеқап.

8. Ағзалардың голотопиясы, склетотопиясы, синтопиясы.

9. Нервтендірілуі, қанмен қамтамасыз етілуі, веналық және лимфалық ағымы.

### **5. Білім берудің және оқытудың әдістері:**

Кіші топтарда анатомиялық препараттармен, торспен, муляждармен, кестелермен, планшеттермен, плакаттармен жұмыс. «Пирогов» интерактивті анатомиялық столында жұмыс.

### **6. Әдебиет:**

№1 тақырыпта көрсетілген

### **7. Бақылау (сұрақтар, тестілер, есептер):**

1. Мұрын қуысының бөліктері:

- а) тыныс алу және көру аймақтары
- б) тыныс алу және түйісуді сезу аймақтары
- в) тыныс алу және иіс сезу аймақтары+
- г) иіс сезу және есту аймақтары
- д) иіс сезу және дәм сезу аймақтары

2. Мұрындық жол – бұл ...

- а) мұрын қуысының кіреберісі
- б) мұрын-көзжас өзегінің тесігі
- в) жоғарғы жақсүйектің маңдайлық өсіндісінің жанындағы жүлге
- г) мұрын қалқанының астындағы кеңістік+
- д) сынатәрізді сүйектің үлкен және кіші қанаттардың арасындағы саңылау

3. Көмей шодырын түзеді:

- а) жүзіктәрізді шеміршектің доғасы
- б) жүзіктәрізді шеміршектің табақшасы
- в) ожаутәрізді шеміршек
- г) қалқанша жанындағы шеміршектің төменгі мүйізі
- д) қалқантәрізді шеміршектің екі табақшасының өзара қосылған жері+

4. .... көмей бөлігі болып табылады:

- а) тынысалу жүйесі және дыбыс түзу аппараты+
- б) тыныс алу жүйесі және тірек – қимыл аппараты
- в) асқорыту жүйесі және дыбыс аппараты
- г) асқорыту жүйесі және несепжыныс аппараты
- д) несепжыныс жүйесі және дауыс аппараты.

5. Кеңірдек – бұл ...

- а) ауыз қуысы мен өңештің аралығында орналасқан түтікті ағза
- б) көмей мен басты бронхтардың аралығында орналасқан түтікті ағза+

- в) бүйректің жоғарғы шетінде орналасқан ағза  
г) бүйрек пен несеп қуықтың аралығында орналасқан түтікті ағза  
д) өкпелердің аралығында орналасқан үлесті ағза
6. Кеңірдек айырығы – бұл ...
- а) көршілес шеміршектік жартылай сақиналардың аралығындағы дәнекер тіндік табақша  
б) кеңірдектің сыртқы қабығы  
в) кеңірдек қабырғасының қақпағы  
г) кеңірдектің қолқамен қиылысқан жері  
д) кеңірдектің екі басты бронхтарға бөлінген жері+
7. Төменгі мұрын жолына ашылады:
- а) маңдай қойнауы  
б) гаймор қойнауы  
в) торлы сүйектің (кеңсіріктің) алдыңғы ұяшықтары  
г) евстахий түтігі  
д) мұрын-көзжас өзегі+
8. Көмейдің тақ шеміршегі:
- а) қалқаншатәрізді+  
б) мүйізтәрізді  
в) сынатәрізді  
г) ожаутәрізді  
д) төрт бұрышты
9. Көмейдің скелетотопиясы:
- а) бассүйек негізі  
б) II-мойын омыртқа тұсы  
в) IV, VI - VII мойын омыртқалары тұсында+  
г) VI-VII мойын омыртқалары тұсында  
д) I-кеуде омыртқа тұсында
10. Көмейдің синтопиясы:
- а) алдында-қалқанша безбен жанасады+  
б) артында-мойын бұлшықеттері  
в) алдында-омыртқа шандыры  
г) тіл түбірімен  
д) өңешпен
11. Бронх ағашының құрамына кіреді:
- а) альвеолдық бронхтар  
б) басты бронхтар+  
в) альвеолы  
г) альвеолалық жол  
д) кеңірдек

12. Альвеолдық (ацинус) ағаштың құрамы:

- а) сегменттік бронхтар
- б) үлестік бронхтар
- в) тыныстық бронхшалар+
- г) басты бронхтар
- д) кеңірдек

13. Өкпе қақпасы орналасқан:

- а) көкеттік бетінде
- б) ұшында
- в) қабырғалық бетінде
- г) медиалді бетінде+
- д) табанында

14. 3-сегменттен

құралған:

- а) оң өкпенің төменгі үлесі
- б) сол өкпенің төменгі үлесі
- в) оң өкпенің ортаңғы үлесі
- г) оң өкпенің жоғарғы үлесі+
- д) сол өкпенің жоғарғы үлесі

15. Екі сегменттен құралған:

- а) оң өкпенің төменгі үлесі
- б) сол өкпенің төменгі үлесі
- в) сол өкпенің жоғарғы үлесі
- г) оң өкпенің жоғарғы үлесі
- д) оң өкпенің ортаңғы үлесі+

16. Өкпенің беттері:

- а) алдыңғы беті
- б) көкеттік беті+
- в) жоғарғы беті
- г) латералдық беті
- д) артқы беті

17. Дауыс санылауының шеміршек аралық бөлігі орналасқан:

- а) көмекей кіреберісі қатпарларының арасында
- б) ожаутәрізді шеміршектердің арасында+
- в) кіреберіс және дауыс қатпарларының арасында
- г) сынатәрізді шеміршектер арасында
- д) мүйізшетәрізді шеміршектер арасында

18. Жүзіктәрізді шеміршектің доғасы

бағытталған:

- а) алға қарай+



б) артқа қарай

в) жоғары

г) төмен

д) ішке

19. Дауыс саңылауын кеңітетін бұлшықеттер:

а) қалқанша-ожаутәрізді бұлшық ет

б) көлденең ожаутәрізді бұлшық ет

в) латеральді жүзік-ожау тәрізді бұлшық ет

г) жүзік-ожаутәрізді артқы бұлшықет+

д) қиғаш ожаутәрізді бұлшық ет

20. Дауыс түзуге қатысатын

бұлшықеттер:

а) ауыз қуысы қабырғасының бұлшықеттері

б) тіл бұлшықеттері

в) жұтқыншақ бұлшықеттері

г) көмей бұлшықеттері+

д) мимикалық бұлшықеттері

21. Кеңірдек айрығы (бифуркациясы) орналасқан деңгей:

а) төс сүйектің бұрышы

б) V-ші кеуде омыртқасы+

в) төс сүйектің мойындырық тілігі

г) қолқа доғасының жоғарғы жиегі

д) III –кеуде омыртқасы

22. Кеңірдектің алдында орналасқан:

а) жұтқыншақ

б) мойын шандырының кеңірдек

алдындағы+ табақшасы в) өңеш

г) кеуде түтігі

д) көмей

23. Сол өкпе қақпасында басты бронхтың үстінде орналасқан:

а) өкпе артериясы+

б) жартылай сыңар вена

в) кеуде түтігінің доғасы

г) сыңар вена

д) өкпе веналары

24. Оң басты бронхтың үстінде орналасқан:


а) жартылай сыңар вена

б) кеуде түтігінің доғасы

в) сыңар вена+

г) өкпе сабауының айырығы




ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы	№81-11-2024
«Анатомия» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар	40 беттің 17 беті

- д) симпатикалық сабау
25. Оң өкпе қақпасының ең үстіңгі жағында орналасқан:
- өкпе артериясы
  - оң жақ жоғарғы өкпе венасы
  - нервтер
  - басты бронх+
  - оң жақ төменгі өкпе венасышығы
26. Сол өкпедегі сегменттер саны:
- 10+
  - 2
  - 7
  - 8
  - 9
27. Дауыс байламдарын керетін бұлшықеттер:
- артқы жүзік-ожау тәрізді бұлшықет
  - қалқанша-ожау тәрізді бұлшықеті
  - қалқанша – тіласты бұлшықеті
  - жүзік-қалқанша бұлшықеті+
  - қиғаш жүзіктәрізді бұлшықет
28. Кеңірдектің шырышты қабығында орналасқан анатомиялық құрылымдар:
- кеңірдек бездері+
  - сақина тәрізді байлам
  - қақпалық бездер
  - шоғырланған (пейер) лимфалық түйіншелер
  - жекелеген түйіншелер

#### **Симуляциялық сабақ №4**

- 1. Тақырыбы:** Жүрек-қан тамыр жүйесінің жалпы анатомиясы. Қан айналымының шеңбері. Микроциркуляторлы ағыс туралы түсінік. Лимфа жүйесі.
- 2. Мақсаты:** Жүрек-қан тамыр жүйесінің құрылысы мен қызметінің ерекшеліктерін оқыту.
- 3. Оқыту міндеттері:** Студенттерді муляждардан, планшеттерден, жүрек, қолқа және оның тармақтары, үлкен қан айналымының артерияларын табуды және айтуды үйрету. Жоғарғы, төменгі қуыс веналардың, қақпа венасының қалыптастыру көздерін студенттерге үйрету.
- 4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
  1. Жүректің беттерін атаңыз?
  2. Оң жүрекшеде қандай тесіктер бар?
  3. Жүректің қаңқасының (жұмсақ) құрылымдарына не кіреді?
  4. Атриовентрикулярлы оң және сол қақпақшалар қанша жармалардан тұрады?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		№81-11-2024
«Анатомия» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар		40 беттің 18 беті

5. Оң және сол қарыншаларда емізікше бұлшықет қанша? Олар қай жерде орналасқан? Қалай аталады?
6. Жүректің өткізгіш жүйесінің бөліктерін атаңыз. Оның қай бөліктерін атаңыз. Оның қай бөліктері қай жерде орналасады?
7. Қолқа доғасының тармақтарын атаңыз.
8. Кеуде қолқасынан қандай париетальды тармақтар шығады?
9. Кеуде қолқасынан қандай вицеральды тармақтар шығады?
10. Ұйқы үшбұрышында қандай жүйемен сыртқы ұйқы артериясының тармақтары шығады?
11. Сыртқы ұйқы артериясының артқы тармақтарын және таралу аймақтарын атаңыз?
12. Ішкі мықын артериясының париетальды тармақтарын және олардың тармақталу аймағын атаңыз?
13. Ішкі мықын артериясының вицеральды тармақтарын атаңыз.
14. Кіндік артериясы нені білдіреді? Одан қандай тармақтар шығады?
15. Жүйеаралық және жүйеішілік жамбас артерияларының аностомоздарын атаңыз.
16. Сыртқы мықын артериясының тармақтарын атаңыз? Олар қалай аталады және олардың қанмен қамтамасыз ету ағзалары?
17. Жоғарғы қуысты вена қандай ағзалармен шектеседі?
18. Жартылай сыңарлы вена қайда орналасады және қандай ағзалармен шектеседі?
19. Жартылай сыңарлы венаның құйылыстарын атаңыз.
20. Жартылай қосымша венаның құйылыстарын атаңыз.
21. Омыртқа өрімдерінен веноздық қан қандай тамырлардан ағады.
22. Жартылай сыңарлы оң және сол веналар қандай ағзалармен шектеседі, ағзаларды атаңыз.
23. Төменгі қуыс венаның париетальды құйылыстарын атаңыз.
24. Төменгі қуыс венаның висцеральды құйылыстарын атаңыз.
25. Қақпа венасының құйылыстарын атаңыз. Олар қай жерде қосылады және қақпа венасын түзеді?
26. Төменгі шажырқай венасына қандай вена енеді?
27. Көкбауыр венасына қандай вена енеді?
28. Қақпа венасының құйылыстары қандай веналармен аностомозданады, портованальды аностомоз түзе отыра?

#### **5.Білім берудің және оқытудың әдістері:**

Кіші топтарда анатомиялық препараттармен, торспен, муляждармен, кестелермен, планшеттермен, плакаттармен жұмыс.

**6.Әдебиет:** №1 тақырыпта көрсетілген.


#### **7. Бақылау (сұрақтар, тестілер, есептер):**

##### **Тесттер:**

1. Кіші қан айналу шеңбері басталады:

а) Оң жақ қарыншадан+

- б) Сол жақ қарыншадан  
в) Оң жақ жүрекшеден  
г) Сол жақ жүрекшеден  
д) Веналық қойнаудан
2. Үлкен қан айналу шеңбері басталады:
- а) Оң жақ қарыншадан  
б) Сол жақ қарыншадан+  
в) Оң жақ жүрекшеден  
г) Сол жақ жүрекшеден  
д) Венозды қойнаудан
3. Кіші қан айналу шеңбері аяқталады :
- а) Оң жақ қарынша  
б) Сол жақ қарынша  
в) Оң жақ жүрекшеде  
г) Сол жақ жүрекше+  
д) Веналық қойнауда
4. Жүректің тәждік қойнауы ашылады:
- а) Оң жақ қарыншада  
б) Сол жақ қарыншада  
в) Оң жақ жүрекшеде+  
г) Сол жақ жүрекшеде  
д) Қолқа буылтығында
5. Үлкен қан айналу шеңбері аяқталады:
- а) Оң жақ қарыншада  
б) Сол жақ қарыншада  
в) Оң жақ жүрекшеде+  
г) Сол жақ жүрекшеде  
д) Веналық қойнауда
6. Жүректің көкеттік бетінде орналасқан жүлгелер:
- а) қарынша аралық артқы жүлге+  
б) Алдыңғы қарынша аралық жүлге  
в) Шекаралық жүлге  
г) Дорзалді жүлге  
д) Жүрекше аралық жүлге
7. Жүректің төс-қабырғалық бетіндегі жүлгелер:
- қарынша аралық артқы жүлге  
Алдыңғы қарынша аралық жүлге+  
Шекаралық жүлге  
Дорзалді жүлге  
д) Жүрекше аралық жүлге

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы	№81-11-2024
«Анатомия» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар	40 беттің 20 беті

8. Жүректің ішкі қабығы:

- а) Эндокард+
- б) Миокард
- в) Эпикард
- г) Перикард
- д) Адвентиция

9. Жүректің ортаңғы қабығы:

- а) Эндокард
- б) Миокард+
- в) Эпикард
- г) Перикард
- д) Адвентиция

10. Жүректің сыртқы қабығы:

- а) Эндокард
- б) Миокард
- в) Эпикард+
- г) Перикард
- д) Адвентиция

11. Жүрекқап басқаша аталады:

- а) Эндокард
- б) Миокард
- в) Эпикард
- г) Перикард+
- д) Адвентиция

12. Жүректің жармалы қақпақтары орналасқан :

- а) Жүрекше - қарыншалық тесікте+
- б) Сопақ тесікте
- в) Өкпе сабауының тесігінде
- г) Қолқаның тесігінде
- д) Тәждік қойнаудың тесігінде

13. Жүректің жарты айлы қақпақтары орналасқан :

- а) Оң жақтық жүрекше - қарыншалық тесікте
- б) Сопақ тесікте
- в) Өкпе сабауының тесігінде+
- г) Сол жақтық жүрекше - қарыншааралық тесікте
- д) Тәждік қойнаудың тесігінде

14. Жүректің үшжармалы қақпағы орналасқан:

- а) Оң жақтық жүрекше - қарыншалық тесікте+
- б) Сопақ тесікте
- в) Өкпе сабауының тесігінде

- г) Сол жақтық жүрекше - қарыншалық тесікте  
д) Тәждік қойнауудың тесігінде  
15. Жүректің екіжармалы (митралдық) қақпағы орналасқан :  
Оң жақтық жүрекше - қарыншалық тесікте  
Сопак тесікте  
Өкпе сабауының тесігінде  
